

**Арал қаласындағы жаңадан ашылатын көшелерге атау беру және жекеленген көшелердің атауларын өзгерту туралы**

Қызылорда облысы Арал ауданы мәслихатының 2010 жылғы 02 шілдедегі N 165 шешімі және Арал ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 02 шілдедегі N 88 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаменті Арал ауданының Әділет басқармасында 2010 жылы 02 тамызда N 10-3-161

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 5-1) тармақшасын және тиісті аумақ халқының пікірлерін, аудандық ономастикалық комиссияның қабылдаған ұйғарымын ескере отырып аудандық мәслихат **ШЕШІМ**, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Арал қаласындағы:

1) Арай мөлтек ауданынан жаңадан ашылатын екі көшеге: Құл батыр Қартайұлының және Күләш Бисенованың есімдерін беру жөніндегі;

2) "Лермонтов" көшесінің атын өзгертіп-Әли Бердалиевтің; "Қазақ" көшесіне-Набат Маханованың; "Строительная" көшесіне -Қожақ Жақсыбаевтың; "8 март" көшесіне-Бодаш Уәлиевтің есімдерін беру жөніндегі ұсыныстар мақұлданысын.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

<i>Аудандық мәслихаттың кезекті жиырма алтыншы сессиясының төрағасы</i>	<i>А. Асанбаев</i>
<i>Аудан әкімі</i>	<i>Н. Мұсабаев</i>
<i>Аудан мәслихатының хатшысы</i>	<i>Ә. Әуезов</i>